




8+

ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУ



**X15A 2.4G**

Сенсорлы басқарылатын және биіктікті ұстау функциясы бар 4-арналық квадрокоптер



## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

- 4-осьтік құрылмасы квадрокоптерге ептілеу және жылдамырақ болуға мүмкіндік береді, желге төзімділігі жоғарылау. Үй-жайда қолдануға болады.
- Кіріктірілген 6-осьтік гироскопиялық тұрақтандырғышы ұшу кезінде дәл тұрғыландыруды қамтамасыз етеді.
- Модульдік құрылмасы құрылғыны жеңіл құрастыруға және жөндеуге мүмкіндік береді.
- Еркін бағдарлану режимі (бассыз режим) басқаруды жеңілдетеді.
- Биіктікті автоматты түрде ұстаудың жеңілдетілген функциясы.
- Автоматты түрде ауаға көтерілу және қону.

## Мазмұны

Сақтық шаралары .....	3
Батареялармен жұмыс істегендегі сақтық шаралары .....	3
Жөндеу және қызмет көрсету .....	3
Аккумуляторды зарядтау .....	4
Аккумуляторды зарядтау кезіндегі сақтық шаралары .....	4
Басқару пультіне батареяларды орнату.....	4
Басқару пульті мен дисплей батырмаларының сипаттамасы.....	5
Құрылғының схемасы .....	5
Басқару пульті схемасы .....	6
Аксессуарлар мен бөлшектер тізімі .....	7
Жиынтықтама .....	7
Сипаттамалары .....	8
Қалақтарды орнату.....	8
Ұшуға дайындық.....	9
Құрылғыны басқару схемасы .....	10
Негізгі функциялары.....	11
Ықтимал проблемалар мен олардың шешім.....	14
Құрылғының мақсаты .....	15
Орнату, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары.....	15
Кепілдік міндеттемелер.....	15
Қосымша ақпарат .....	16

## Сақтық шаралары

- Құрығыны басқару құқығы мен тегін кепілдікті қызмет көрсетуден айырылып қалмау үшін құрылғыны өз бетіңізше түрлендіруге талпынбаңыз.
- Құрылғының ұсақ бөлшектерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Бұл квадрокоптер өте қуатты, сондықтан алғашқы ұшулары кезінде құрылғының тым жылдам төмендеуіне және кенетен қақтығысуларға жол бермеу үшін сол жақ джойстикке баяу басқан жөн, себебі ол зақымдануларға немесе жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Ұшу аяқталғаннан кейін алдымен басқару пультінің қуатталуын өшіріңіз, осыдан кейін квадрокоптердің қуатталуын өшіріңіз.
- Аккумуляторды температурасы жоғары жерлерде сақтамаңыз және қатты жылу мен ашық жалынның әсер етуіне ұшыратпаңыз.
- Ұшу кезінде құрылғы ұшқыштан, басқа адамдардан немесе жануарлардан, оларды жарақаттауға жол бермеу үшін, кемінде 3 метр қашықтықта болуына көз жеткізіңіз.
- Балалар квадрокоптерді ересектердің бақылауымен басқаруы тиіс. Ұшу ұшқыштың немесе нұсқаушының көру аймағында жүруі тиіс. Ұшу кезінде сақтық шараларын сақтаңыз.
- Құрылғыны әуежайдың ұшып-қону жолағынан 5000 м радиуста пайдалануға тыйым салынады. Құрылғыны пайдалану жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Егер құрылғы қолданылмаса, басқару пультінен батареяларды алып тастаңыз.
- Түйіспелердің қысқа тұйықталуына жол бермеңіз.
- Құрылғыны құрастыру ересектердің бақылауымен жүргізілуі тиіс.
- Ұшқыш ұшу қауіпсіздігі үшін және құрылғы мен жердегі адамдардың, мүліктің және әуе кеңістігіндегі басқа пайдаланушылардың арасындағы қашықтықтың сақталуы үшін жауапты. Құрылғыны адамдардың көпшілік (12 адамнан артық) жиналуы жерлерінде іске қоспаңыз.
- Егер құрылғы 10 күннен артық пайдаланылмайтын болса, аккумулятордың қуатын 40-50 % ажыратыңыз, ол аккумулятордың қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

## Батареялармен жұмыс істегендегі сақтық шаралары


- Орнату барысында батареялардың полярлығы батареяларға арналған бөліктегі схемаға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Батареяларды қарама-қарсы полярлықпен орнатпаңыз.
- Жаңа және ескі батареяларды бір мезгілде пайдаланбаңыз.
- Батареялардың түрлі үлгілерін пайдаланбаңыз.
- Қайта зарядталатын батареяларды пайдаланбаңыз.

## Жөндеу және қызмет көрсету

- Құрылғыны құрғақ жұмсақ матамен сүртіңіз.
- Құрылғыны жылудың әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны суға батырмаңыз, керісінше жағдайда құрылғының электроникасы зақымдалатын болады.
- Құрылғыны зақымдалулары болуына тексеріңіз, зақымдалулары анықталған жағдайда құрылғыны пайдалануға болмайды.

## Аккумуляторды зарядтау

1. Құрылғы өшірілгеніне көз жеткізіңіз және дронның батареялық бөлігін ашыңыз.
2. Аккумулятордың ажырандысын құрылғының түйіспелік ажырандысынан ажыратыңыз.
3. Аккумуляторды ДК шығыс USB-портына немесе өзге қуат беру көзіне кабель арқылы қосыңыз. Зарядтау құрылғысының индикаторы жанады.
4. Зарядтау процесі аяқталғанда жарықтық индикатор сөнеді.
5. Аккумуляторды қайтадан құрылғыға салыңыз.




**Ескерту:** зарядтау уақыты шамамен 80 минут, ұшу уақыты — шамамен 11 минут құрайды.

## Аккумуляторды зарядтау кезіндегі сақтық шаралары


- Аккумуляторды тікелей күн жарығының және жоғары температуралардың әсеріне ұшыратпаңыз. Керісінше жағдайда ол бүлінуі мүмкін.
- Аккумуляторды суға батырмаңыз.
- Аккумуляторды салқын және құрғақ жерде сақтаңыз.
- Аккумуляторды ашпаңыз.
- Зарядтау кезінде құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
- Зарядтау алдында қайта зарядталатын аккумуляторды құрылғыдан алып шығыңыз.
- Қайта зарядталатын аккумулятор ересектердің бақылауымен зарядталуы тиіс.
- Жұмыс істеп болған аккумуляторды құрылғыдан алып шығу қажет.
- Назар аударыңыз: аккумуляторлардың дұрыс емес үлгісін пайдалану жағдайында жарылыс қаупі бар. Пайдаланылған аккумуляторларды жергілікті заңнаманың нормаларына сәйкес кәдеге жаратыңыз.

## Басқару пультіне батареяларды орнату



1. Басқару пультіндегі батареяларға арналған бөліктің қақпағын ашыңыз.
2. Полярлығын сақтай отырып AA үлгісіндегі 4 батареяны орнатыңыз (AA үлгісіндегі сілтілік батареялар жиынтыққа кірмейді).


## Құрылғының схемасы




Нөмірі	Сипаттамасы	Саны
1	Қалақ (сағат тілінің бағытына қарсы айналу)	2
2	Қалаққа арналған қорғаныш жақтау	4
3	Құрылғы корпусының жоғарғы бөлігі	1
4	Қалақ (сағат тілінің бағыты бойынша айналу)	2
5	Жетекші блок	4
6	Ресивер платасы	1
7	Құрылғы корпусының төменгі бөлігі	1

Нөмірі	Сипаттамасы	Саны
8	LED-индикатор шағылыстырғышы	4
9	Аккумулятор	1
10	Аккумулятор бөлігінің қақпағы	1


## Басқару пульті схемасы



## Аксессуарлар мен бөлшектер тізімі




Корпус (ақ)




Корпус (қара)




Жетекші блок




Қалақтарға арналған қорғаныш




Қалақтар




Тік жүріс моторы




Кері жүріс моторы



LED-индикаторлар




Ресивер платасы



LED-индикаторлардың шағылыстырғышы



Зарядтау кабелі



Аккумулятор




ҚБ пульті

## Жиынтықтама

- Квадрокоптер.
- Басқару пульті.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.
- Қалақтар (4 дана).
- Зарядтау кабелі.
- Қосымша АКБ.

## Сипаттамалары





- Моделі: X15A.
- Ұзындығы: 289 мм.
- Биіктігі: 51 мм.
- Ені: 289 мм.
- Мотордың моделі: 6.
- Аккумулятор: 3.7 В, 400 мАсағ.

## Қалақтарды орнату

Қалақтарды орнату, ауыстыру алдында бұрағыш (жиынтыққа кірмейді) арқылы винттерді бұрап алыңыз.

Қалақтарды таңбалануына сәйкес орнатыңыз («А» қалағы квадрокоптердің «А» иығына, «В» қалағы — сәйкесінше «В» иығына бекітілуі тиіс).





## Ұшуға дайындық

### Құрылғыны іске қосу және өшіру

#### 1. Ұшуға дайындық.

**1 қадам:** басқару пультіндегі қосу батырмасын басыңыз.

**2 қадам:** аккумуляторды құрылғыға салып, оның корпусындағы қуат беру батырмасын басыңыз. Квадрокоптер қосылғанына көз жеткізіңіз.

**3 қадам:** сол жақ джойстикті (екпін) өзіңізден әрі және өзіңізге қарай тірелгенше бұраңыз. Квадрокоптердің жарықтық индикаторлары жыпылықтауын тоқтатып, тұрақты жарықпен жанғанда, құрылғы ұшуды күту режиміне өтеді.



1 қадам

2 қадам


3 қадам

#### 2. Квадрокоптердің ауаға көтерілуі.

**1 тәсіл:** сол жақ джойстикті (екпін) жоғары бұрыңыз, осыдан кейін қайта орталыққа қарай бұрыңыз, квадрокоптердің қалақтары баяу айнала бастайды.

**2 тәсіл:** сол жақ және оң жақ джойстиктерді 1 секундке төменгі ішкі бұрышқа бұрыңыз, квадрокоптердің қалақтары баяу айнала бастайды.

**3 тәсіл:** «В» батырмасын (автоматты түрде ауаға көтерілу/қону) басыңыз, квадрокоптер автоматты түрде ауаға көтеріледі және белгілі бір биіктікте бекітіледі.



1 тәсіл

2 тәсіл

3 тәсіл


#### 3. Квадрокоптерді қондыру және сөндіру.

**1 тәсіл:** сол жақ джойстикті (екпін) ең төменгі қалпына бұрып, 2-3 секунд ұстаңыз, осыдан кейін құрылғыны өшіруге болады.

**2 тәсіл:** сол жақ және оң жақ джойстиктерді 1 секундке төменгі ішкі бұрышқа бұрыңыз, осыдан кейін құрылғыны өшіруге болады.

**3 тәсіл:** квадрокоптер ұшу үстінде болғанда, «В» батырмасын (автоматты түрде ауаға көтерілу/қону) басыңыз, құрылғы автоматты түрде қонады.

**Ескерту:** егер құрылғы ұшу алыстығының радиусінен шығып кетсе, индикатор баяу жыпылықтай бастайды, ал құрылғы автоматты түрде жүрісін баяулатады. Егер ҚБ пульті сөндірілген немесе қуатсыз болса, құрылғы автоматты түрде баяулайды және жерге қонады. Сіз ҚБ пультін кез келген сәтте белсенді ете аласыз.



1 тәсіл


2 тәсіл

3 тәсіл


## Құрылғыны басқару схемасы

### Басқару

1. Көтерілу және төмен түсу (1 сурет).  
Сол жақ джойстикті жоғары немесе төмен басқанда квадрокоптер тиісінше көтеріледі немесе төмен түседі.
2. Алға және артқа (2 сурет).  
Оң жақ джойстикті жоғары немесе төмен басқанда, квадрокоптер тиісінше алға немесе артқа жылжиды.




1 сурет




2 сурет

3. Солға бұрылу және оңға бұрылу (3 сурет).  
Сол жақ джойстикті солға немесе оңға басқан кезде квадрокоптер тиісінше солға немесе оңға бұрылады.
4. Сол жақ және оң жақ бүйірімен ұшу (4 сурет).  
Оң жақ джойстикті солға немесе оңға басқан кезде квадрокоптер тиісінше сол жақ немесе оң жақ бүйірімен ұшады.



3 сурет



4 сурет

## Теңгерімдеу

### 1. Алға және артқа жылжуды баптау (1 сурет).


Егер қалқып тұру режимінде квадрокоптер автоматты түрде алға/артқа ұшуды жалғастырса, сол жақ джойстикті қысып ұстап, бір мезгілде оң жақ джойстикті айналдыру арқылы алға/артқа қарай бағытты түзетіңіз. Құрылғы теңгерімдеу режиміне өтпегенше сол жақ джойстикті жібермеңіз.

### 2. Сол жақ/оң жақ бүйірмен ұшқандағы қозғалысты баптау (2 сурет).


Егер қалқып тұру режимінде квадрокоптер автоматты түрде оңға/солға ұшуды жалғастырса, сол жақ джойстикті қысып ұстап, бір мезгілде оң жақ джойстикті айналдыру арқылы оңға/солға қарай бағытты түзетіңіз. Құрылғы теңгерімдеу режиміне өтпегенше сол жақ джойстикті жібермеңіз.

### 3. Солға/оңға бұрылу кезіндегі қозғалысты баптау (3 сурет).


Егер қалқып тұру режимінде квадрокоптер автоматты түрде оңға/солға айналуы жалғастырса, сол жақ джойстикті қысып ұстап, бір мезгілде сол жақ джойстикті жеңіл айналдыру арқылы оңға/солға қарай бағытты түзетіңіз. Құрылғы теңгерімдеу режиміне өтпегенше сол жақ джойстикті жібермеңіз.



1 сурет



2 сурет



3 сурет

## Негізгі функциялары

### Төмен кернеуден қорғау


Квадрокоптердің артқы жарықтық индикаторлары жыпылықтай бастаса, ол батарея деңгейі төмен, ұшуды аяқтау қажет дегенді білдіреді. Батарея заряды төмен болғанда квадрокоптер автоматты түрде биіктігін төмендетіп, біртіндеп қона бастайды.

### Артық жүктемеден қорғау

Егер квадрокоптер тікелей кедергілерге қақтығысса немесе бөгде заттардың әсер етуіне ұшыраса, сондай-ақ оның қалақтары айналуын тоқтатса, құрылғы артық жүктемеден қорғау режиміне ауысады.

## Калибрлеу функциясы

Құрылғыны тегіс және тұрақты бетке орналастырып, оң жақ және сол жақ джойстиктерді бір мезгілде 2-3 секундке төменгі оң жақ бұрышқа бұраңыз, жарықтық индикаторлар тез жыпылықтай бастайды, ал осыдан кейін кәдімгі күйіне оралады. Калибрлеу шарасы сәтті аяқталды.




## Жылдамдық режимдерін ауыстырып қосу

Осы құрылғы екі жылдамдық режимімен жабдықталған (жылдам/баяу). Әдепкі бойынша төмен жылдамдық режимі белсенді етілген. Жылдамдық режимін ауыстыру үшін оң жақ джойстикке басыңыз. Жоғары жылдамдық режиміне өту кезінде басқару пульті екі дыбыстық дабыл, төмен жылдамдық режиміне оралғанда — бір дыбыстық дабыл береді.

## 360° бұрылу

Басқарудың негізгі қағидаттарымен танысқаннан кейін, Сіз пилотаждың күрделілеу элементтерін игере аласыз. Квадрокоптерді 3 м биіктікке көтеріңіз, жоғарғы сол жақ бұрыштағы бұрылу батырмасын басып, квадрокоптерді алға/артқа/солға/оңға бұру үшін бір мезгілде оң жақ джойстикті тиісінше алға/артқа/солға/оңға басыңыз.



**Ескерту:** пилотаждың күрделі фигураларын орындауды батарея толық зарядталғанда жасаған дұрыс.

## Биіктікті автоматты түрде ұстау функциясы

Квадрокоптердің ұшуы кезінде ауаға көтерілуді/төмен түсуді бақылау үшін сол жақ джойстикті пайдаланыңыз, осыдан кейін сол жақ джойстикті жіберіңіз. Құрылғы джойстик жіберілген кездегі биіктікті ұстап тұрады.

## Еркін бағдарлану режимі (Бассыз режим)

1. «Алға» бағытын анықтау.
  - Басқару пультінде қуат беруді қосу батырмасына басыңыз.
  - Квадрокоптердің қуат беру батырмасын басыңыз, құрылғы қосылғанына көз жеткізіңіз. Еркін бағдарлану режимінде іске қосар алдындағы дронның басының бағыты «алға» қарай жаңа бағыт ретінде анықталатын болады.
  - Басқару пультіндегі сол жақ джойстикті өзіңізден әрі және өзіңізге қарай ең шеткі күйіне басыңыз. Басқару пульті ұзақ дыбыстық дабыл бергенде, ол жиілікті баптау және алға қарай бағытты анықтау аяқталғанын білдіреді.
2. Алға қарай бағытты анықтау үшін калибрлеу.
  - Еркін бағдарлану режимінде дронның бөгде нысандармен қақтығысуы кезінде алға қарай бағыттың баптауы бұзылуы мүмкін, Сізге сол жақ және оң жақ джойстиктерді бір мезгілде сол жақ төменгі бұрышқа қарай қысып ұстау керек. Дронның ұшу бағыты түзетіледі. Жарықтық индикаторлар 3 секунд бойы жыпылықтап, кейін тұрақты жанады, ол калибрлеу аяқталғанын білдіреді.
3. Әдеттегі басқару режимі мен еркін бағдарлану режимі арасында ауыстырып қосу.
  - Дрон белгілі бір жиілікке бапталған кезде, ол әдеттегі басқару режимінде болады. Бұл кезде жарықтық индикатор үздіксіз жанып тұрады. Басқару пультіндегі оң жақ джойстикті 2 секундке басып, ұстап тұрыңыз, еркін бағдарлану режиміне ауысуды білдіретін үш рет дыбыс дабылы естіледі.
  - Стандартты режимге оралу үшін оң жақ джойстикті 2 секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз, ұзақ дыбыстық дабыл естіледі.
  - Еркін бағдарлану режимінде ұшқышқа дронның басының қалпын анықтау қажет емес, дронның бағытын басқару — басқару пультіндегі оң жақ джойстик арқылы жүзеге асырылады.

## Ықтимал проблемалар мен олардың шешімі

Проблема	Себебі	Шешімі
Квадрокоптерден жауап жоқ.	Аккумулятор зарядының деңгейі төмен.	Аккумуляторды зарядтаңыз.
	Егер басқару пульті зарядының деңгейі төмен болса, қуат беру индикаторы жыпылықтай бастайды.	Басқару пультінің батареяларын ауыстырыңыз.
Квадрокоптер пәрмендерге іркіліспен жауап береді.	Басқару пульті зарядының деңгейі төмен.	Батареяларды ауыстырыңыз.
	Кедергілер басқару пультінің жиілігімен бір жиілікте.	Бір жиілікте кедергілер болмайтын қалыпқа ауысыңыз.
Қалқып тұру кезінде квадрокоптер бүйірімен бір бағытта ұшады.	Квадрокоптер жер деңгейіне қатысты калибрленбеген.	Квадрокоптерді калибрлеңіз. Көлденең калибрлеу сипаттамасын қараңыз
Бассыз режимде квадрокоптер алға қарай бағытта жылжымайды.	Құрылғының кедергілермен қақтығысы бағдарлану ақауының себебі болуы мүмкін.	Алға қарай бағытты қайта баптаңыз. Еркін бағдарлану режимінің сипаттамасын қараңыз.
Биіктікті ұстау ақауы.	Квадрокоптер жер деңгейіне қатысты калибрленбеген.	Откалибруйте квадрокоптер. См. описание горизонтальной калибровки.
	Ауа-райы жағдайы салдарынан қысымның тұрақсыз деңгейі.	Нашар ауа-райы жағдайында ұшуға жол бермеңіз.
	Қатты қақтығыс салдарынан гироскоптың істен шығуы.	Квадрокоптерді калибрлеңіз. Көлденең калибрлеу сипаттамасын қараңыз.

## Құрылғының мақсаты

Квадрокоптер — басқарылуы қашықтықтан басқару пульті арқылы жүзеге асырылатын, ұшуларды орындау үшін арналған ұшқышсыз ұшатын аппарат.

## Орнату, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір орнатуды немесе үнемі бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы орамада өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде сақталуы керек. Үй-жайларда жемірілуді туғызатын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасу құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластанудың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсер етуінен қорғаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электронды жабдықты қабылдау орнына тапсыруға жатады. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және лайықсыз қолдану жағдайында қоршаған орта мен адамдардың денсаулығы үшін орын алуы мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған кезде дереу авторландырылған қызмет көрсету орталығына жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

## Гарантийные обязательства

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

**Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:**

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 3 ай.

Пайдалану мерзімі: 6 ай.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Гуандун Сима Модэл Эйркрафт Индастриал Ко., Лтд.  
Синъе батыс тас жолы 2, Лаймэй өнеркәсіптік паркі, Чэнхай ауданы, Шаньютоу қ.,  
Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе,  
Қазақстан.

Тауар Кедендік одақ техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- 008/2011 КО ТР «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы»;
- 020/2011 КО ТР «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі».

Ерекшеліктері, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықтамасы мен функционалы пайдаланушыны алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта келтірілгеннен ерекшеленуі мүмкін.

EAC



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.1









